

**2022 жылға «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі туралы  
№1 талдамалық анықтама**

Алматы қ.

«31» наурыз 2023 ж.

**КІРІСПЕ**

2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі – Қордың Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 15 ақпандағы №168 бұйрық (бұдан әрі – №168 бұйрық).

№168 бұйрықтың қосымшасы Қордың орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес 2023 жылғы 1-тоқсанда талдау 2022 жылғы Қордың мынадай бөлімшелерінің (бұдан әрі – Бөлімшелер) қызметін қамтыды:

1. Қашықтан кеңес беру департаменті (ҚКД);
2. Қауіпсіздік департаменті (ҚД);
3. Бухгалтерлік есепке алу департаменті (БД);
4. Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті (ҚКД);
5. Астана қаласындағы «БЖЗҚ» АҚ филиалы;
6. Алматы қаласындағы «БЖЗҚ» АҚ филиалы;
7. «БЖЗҚ» АҚ Ақмола облыстық филиалы;
8. «БЖЗҚ» АҚ Ақтөбе облыстық филиалы;
9. «БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы (бұдан әрі – СКБ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізді.

**ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

Қордың жоғарыда көрсетілген бөлімшелерінің қызметіне қатысты ішкі құжаттарды (бұдан әрі – ІНҚ) талдау нәтижесі бойынша мынадай ІНҚ-дағы нормативтік тәуекелдер анықталды:

- 1) Басқарманың 31.03.2022ж. №21 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ білім базасымен жұмысты ұйымдастыру нұсқаулығы;
- 2) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздігіне ішкі аудит жүргізу қағидасы;
- 3) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпаратты резервтік көшірме жасау және қалпына келтіру регламенті;
- 4) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздігі саясаты;
- 5) Басқарманың 04.05.2021ж. №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізу құқықтарын шектеу қағидасы;
- 6) Басқарманың 04.05.2021ж. №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтерді сәйкестендіру, топтастыру мен таңбалау қағидасы;
- 7) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да қызметтік тергеу жүргізу қағидасы;

8) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы «18» сәуірдегі №30 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының филиалдарының ұй- жайларында рұқсатнамалық түзім ұйымдастыру қағидасы;

9) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы «18» сәуірдегі №30 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының орталық аппаратында рұқсатнамалық түзім ұйымдастыру қағидасы;

10) Басқарманың 13.11.2015 жылғы №63 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нұсқаулығы;

11) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 29.07.2021 ж. №50 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ның COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы жағдайында жұмыс жасау регламенті;

12) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 26.09.2014 ж. №2 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының салықтық есепке алу саясаты;

13) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №94 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ негізгі құралдармен, материалдық емес активтермен және инвестициялық жылжымайтын мүлікпен операцияларды есепке алу және жүргізу бойынша нұсқаулық;

14) Басқарманың 15.01.2014ж. №2 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамындағы қаржылық-шаруашылық операцияларды салықтық есепке алу жөніндегі нұсқаулық;

15) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 07.04.2022ж. №24 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дағы жолданым, хабар, сұрау салу, үн қосу мен ұсыныстарды қарау жөніндегі қағидалар;

16) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.04.2019ж. №22 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да мөрлер мен мөртабандарды дайындау, қолдану, сақтау және жою қағидасы;

17) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі №1 хаттамасымен бекітілген Астана қаласындағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының филиалы туралы ереже;

18) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі №1 хаттамасымен бекітілген Алматы қаласындағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының филиалы туралы ереже;

19) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі №1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Ақмола облыстық филиалы туралы ереже;

20) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі №1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Ақтөбе облыстық филиалы туралы ереже;

21) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі №1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жетісу облыстық филиалы туралы ереже.

ІНҚ-дағы тәуекелдер (тәуекел атауы, тәуекел сипаты, оны жою бойынша ұсынымдар):

1. Жоғарыдағы 1)-16) тармақшаларда көзделген ІНҚ-да қызмет барысында тиісті басшылардың өкілеттіктерін екіұшты түсінуге апарып соқтыруы мүмкін дискрециялық нормалар бар. ІНҚ пысықтау бойынша **егжей-тегжейлі ұсынымдарды** СКБ әрбір ІНҚ мәтіні бойынша ескертпелерде беріп, оларды өзектендіруге жауапты бөлімшелермен келісті.

2. Жоғарыдағы 17)-21) тармақшаларда көзделген ІНҚ-дан (бұдан әрі – Филиалдар туралы ережелер) мынадай сәйкессіздік анықталды:

- Филиалдар туралы ережелердің 8-тармағына сай филиалдың өз атауы бар дөңгелек мөрі, мөртабандары, бланкілері және өзге де деректемелері болады. Дегенмен, іс жүзінде филиалдарда өз атауы мен мекенжайы бар жеке бланкілер жоқ; соңғы бірнеше жыл ішінде олар Қордың бланкілерін (Қордың орталық аппаратының деректемелерімен) пайдаланады, бұл әрі қарай филиалдардың деректемелері бар жекелеген бланкілер дайындау және филиалды қамтамасыз ету қажеттілігінің болмауын көрсетеді. Сонымен қатар «өзге де деректемелер» деп ненің түсінілетіні түсініксіз болып қалып отыр (заңдық-лингвистикалық белгісіздік). Осыған орай Филиалдар

туралы ережелердің тиісті тармағындағы филиал бланкілеріне сілтемені және «және өзге де деректемелер» сөздерін алып тастау немесе қандай деректемелер екенін нақты көздеу **ұсынылады.**

3. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ нормалары ескеріле отырып, Қауіпсіздік департаменті, Бухгалтерлік есепке алу департаменті, Қашықтықтан кеңес беру департаменті, Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті туралы ережелерде, Филиалдар туралы ережелерде, филиалдардың бөлімшелері туралы ережелерде, аталған бөлімшелер мен филиалдар қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында мынадай нормаларды көздеу **ұсынылады:**

1) қызметкерлердің функцияларында – Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарын сақтау;

2) қызметкер білуі тиіс тармақта – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы, Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

3) жауапкершілік:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарды бұзғаны үшін;

- Қордың конфиденциалды ақпаратын немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, оған сеніп тапсырылған немесе жұмысы бойынша белгілі болған мәліметтерді жеке мақсаттарда заңсыз пайдаланғаны үшін;

4) бөлімше басшыларының өкілеттіктерінде – сеніп тапсырылған бөлімше қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру.

Талданған ІНҚ тізбесі осы талдауға 1-қосымшада көрсетілді.

## **ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

### **1. Қызметкерлерді басқару:**

1) 31.12.2022ж. жағдай бойынша штат саны: Орталық аппарат - 450 бірлік, филиалдар бойынша – 1045 бірлік, Қор бойынша жиыны – 1495 бірлік;

2) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері – **жоқ**;

3) тексерілетін Бөлімшелердің қызметкерлеріне қолданылған тәртіптік жаза шаралары – 15; мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жаза шараларының саны – **жоқ**;

4) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама бермеген тұлғаларды жұмысқа қабылдау туралы мәліметте – 2022 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 207 қызметкер, барлық кандидат сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама ұсынды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі нормативтік құжаттарды бұзған немесе бұзуға жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шаралар қолданбау туралы ақпарат – СКБ-ға ұсынылған материалдарды талдау барысында №51 «БЖЗҚ» АҚ тауар-материалдық құндылықтармен (қорлармен) операциялар жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтың 10, 11, 21, 27-тармақтарын бұзып, Қор филиалының уәкілетті қызметкері бастапқыда қабылданған тауар санының қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген санға сәйкес келмеуіне жол бергені анықталды. Кейіннен жеткізушінің барлық міндеттемелері толық көлемде орындалды, филиал қызметкеріне ауызша ескерту жасалды.

«Тәртіптік қылықтарға қарай тәртіптік жаза түрлері мен мерзімдерінің жіктелуі» кестесіне («БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.09.2021ж. № 67 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану қағидасының 5-қосымшасы) 1-ескертпенің 1-тармағына сәйкес қызметкер Жіктеме бойынша тәртіптік жаза қолдану көзделмеген қылықты бір

рет жасаған кезде қызметкерге ауызша ескерту берілуі мүмкін, сондай-ақ Жіктеменің 1-ші және 3-тармақтары бойынша қызметкер бірінші қылыққа жол берген кезде осы қағидамен көзделген тұлғалар шешімі бойынша тәртіптік жазаны қолданбауға болады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған бұзушылық Жіктеменің 1-ші және 3-тармақтарына жатпайды; ол Жіктеменің 6-тармағына жатады.

Орын алып отырған:

- Қордың уәкілетті қызметкерлерінің тауарларды қабылдау-беру актілерінде, көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актілерінде көрсетілген деректерге сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қабылдау тәуекеліне байланысты Бухгалтерлік есепке алу департаментіне Өңірлік даму департаментімен бірлесіп, Қордың орталық аппараты мен филиалдары үшін уәкілетті тұлғалардың қабылданатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қол қойылатын оларды қабылдау актілеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге қатысты оқытуды қосымша бақылау шараларын әзірлей отырып жүргізу **ұсынылады**;

- тәртіптік жазаны негізсіз қолданбау тәуекеліне байланысты, атап айтқанда, Қор үшін әлеуетті залал келтіруге апарып соқтыратын бұзушылықтар бойынша Қызметкерлерді басқару департаментіне Өңірлік даму департаментімен бірлесіп, Қордың құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының басшыларымен тиісті оқыту жүргізу **ұсынылады**.

Сонымен қатар, Қызметкерлерді басқару департаменті ұсынған деректерге сәйкес «ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жаза шаралары» тақырыбындағы тиісті оқыту 27.02.2023 ж. құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және 09.03.2023 ж. филиалдарының басшыларымен Cisco WebEx платформасында онлайн режимде дөңгелек үстел форматында өткізілді. Осыған орай ұсыныс **іске асырылды деп есептеледі** және іс-шаралар жоспарында көрсетуді қажет етпейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі осы талдауға 2-қосымшада көзделген.

### **3. Мүдделер дауын реттеу:**

Қордың қолданыстағы және/немесе әлеуетті мүдделер дауын анықтау, айқындау және басқару Қорда «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017 жылғы №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатымен көзделген, оған сәйкес қолданыстағы мүдделер дауын есепке алуды, мүдделер дауына мониторинг жүргізуді Қызметкерлерді басқару департаменті жүзеге асырады.

2022 жылы Бөлімшелерде мүдделер дауы деректері **жоқ**.

### **5. Мемлекеттік қызметтер көрсету:**

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша Қор қызметтері Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген.

11.10.2018 ж. бастап зейнет жасына толған тұлғалар Қордан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жасына қарай зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және Қордан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы бірыңғай өтінішті Мемлекеттік корпорация «бір терезе» қағидаты бойынша көрсететін композиттік қызмет аясында береді.

Қордың 2022 жылы мемлекеттік қызметтер көрсетуі кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **жоқ**.

### **6. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:**

Қор рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

## **7. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:**

Қор бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

**8. Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу: «БЖЗҚ» АҚ қызметін және стратегиялық даму жобаларын қамтамасыз ету үшін** бюджетті (қаржылық жоспар) және күрделі шығыстар жоспарын әзірлеу, бекіту, түзету және бақылау тәртібі және жауапкершілік «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 01.04.2022ж. №22 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ бюджетін (қаржылық жоспар) мен күрделі шығыстар жоспарын әзірлеу, бекіту және бақылау нұсқаулығымен анықталған. Сонымен қатар бұл ІНҚ-да төмендегілер көзделген:

- шығындардың нормаланатын баптарының тізбесі, оларды есептеу тәртібі, шығындардың нормаланатын баптары бойынша нормалар мен нормативтер мөлшері;

- бюджеттің орындалуы туралы есеп (қаржы жоспарын) және күрделі шығыстар жоспарын жасау;

- жоспарланатын жылға шығысты жоспарлау белгілері.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі №76 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасына сәйкес келу мақсатында Қорда тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді, тиісті ішкі нормативтік құжаттар қабылданды (Директорлар кеңесінің 28.04.2017 жылғы №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты, Басқарманың 28.05.2021ж. №36 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидасы, Директорлар кеңесінің 28.04.2017 ж. №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару саясаты және басқа да ІНҚ).

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидасына, Басқарманың 31.03.2021ж. №20 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасына, Басқарманың 10.06.2020 ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырады.

Қор контрагенттермен немесе үшінші тұлғалармен жасаған шарттар (келісімшарттар, келісімдер) бойынша туындайтын не зиян келтіру салдарынан міндеттемелерден шығатын дауларды сотқа дейін және сот арқылы шешу тәртібімен Қорда талап-шағымдық жұмыс жүргізу тәртібі Басқарманың 29.11.2019 ж. №78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-шағымдық жұмысты жүзеге асыру қағидасымен көзделген.

2017 жылғы 28 наурыздағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының меншікті активтерін сенімгерлік басқару шартына сәйкес меншікті активтер ҚР Ұлттық Банкіне (Сенімгерлік басқарушы) сенімгерлік басқаруға берілген. Шарттың 2.1-тармағына сәйкес Сенімгерлік басқарушы Қордың инвестициялық стратегиясына сәйкес және Сенімгерлік басқару шартының ажырамас бөлігі болып табылатын бекітілген инвестициялау лимиттері аясында инвестициялық шешімдерді өз бетінше қабылдайды.

Бұл бағыт бойынша Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

## **9. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау:**

Шарттарды жасау тәртібі Басқарманың 10.06.2020 ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығымен көзделген, оған сәйкес бюджет орталықтары Қор жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу кезінде және келісуге жіберілгенге дейін оларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндетті (Басқарманың 13.12.2023 ж. №92 хаттамасымен бекітілген толықтырулар редакциясында).

Қор контрагенттермен немесе үшінші тұлғалармен жасаған шарттар (келісімшарттар, келісімдер) бойынша туындайтын не зиян келтіру салдарынан міндеттемелерден шығатын дауларды сотқа дейін және сот арқылы шешу тәртібімен Қорда талап-шағымдық жұмыс жүргізу тәртібі Басқарманың 29.11.2019 ж. №78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-шағымдық жұмысты жүзеге асыру қағидасымен көзделген.

Бұл бағыт бойынша Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

#### 10. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Бұл бағыт бойынша Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

#### 11. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру:** Қордың Директорлар кеңесінің 28.10.2022 ж. №10 шешімімен Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше болып табылатын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы құрылды.

Бұған дейін Қор Басқармасының шешімімен Қордың комплаенс қызметінің функциясы (оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс) Сапаны бақылау басқармасына жүктелген болатын (Басқарманың 26.05.2021 жылғы № 35 хаттамасы); кейіннен Директорлар кеңесінің шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын орындайтын қызметкер болып Қордың корпоративтік хатшысын анықталды (29.03.2022 ж. №1 хаттама).

Қордың Директорлар кеңесінің 26.12.2022 жылғы № 14 шешімімен 2023 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қорда 13.06.2022 ж. және 24.06.2022 ж. аралығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасы. «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт талаптары» тақырыбында қызметкерлерді қашықтан оқыту (тестіден өткізіп) ұйымдастырылды және өткізілді.

14.12.2022 ж. және 23.12.2022 ж. аралығындағы СКБ Қорда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғаларды «БЖЗҚ» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар» тақырыбында вебинар және бейне-конференц байланыс нысанында оқыту ұйымдастырылды және өткізілді.

Қорда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген адамдар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 12-бабымен көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімге қол қойып, Қорға ұсынды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау деректері **жоқ**.

Бөлімшелер қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту деректері **жоқ**.

Қорда деректемелері Қордың интернет-ресурсында көзделген сыбайлас жемқорлық және алаяқтық мәселелері бойынша шұғыл желі (үшінші тұлғалар үшін), сондай-ақ Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деректері туралы хабарламалар беру үшін ішкі «Шұғыл желі» (Қор қызметкерлері үшін) жұмыс істейді. Сондай-ақ Қор филиалдарының кеңселеріндегі ақпараттық стенділерде шұғыл желі нөмірі бар ақпарат орналастырылған, ол бойынша филиал қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық немесе өзге де құқық бұзушылық жасағаны туралы хабарлауға болады.

2022 жылы аталған байланыс арналары бойынша Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарламалар түскен жоқ; жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-та Қор қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер туралы шағымдар **болған жоқ.**

**Қызмет ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету:** [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) интернет-ресурсына «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының 16-бабы 8-тармағының талаптарына және Директорлар кеңесінің 17.07.2019 ж. №5 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпарат ашу қағидасының ережелеріне сай барлық ақпарат орналастырылады.

Қордың Басқарма Төрағасының блог-платформасы 2017 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) интернет-ресурсында жұмыс істеді. 2021 жылдан бастап электрондық үкіметтің ашық диалог интернет порталында «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының блог-платформасы арқылы келіп түскен сұраныстарға жауаптар ұсынылады.

Қор депозитарийдің интернет-ресурсында қаржылық есептілікті жариялайды және өзінің интернет-ресурсында қаржылық есептілікті, аудиторлық есепті, Қордың ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде орналастырады.

Бұл бағыт бойынша тексерілген Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Қосымша:

- 1) Талданған ішкі құжаттар тізбесі;
- 2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі;
- 3) 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі бойынша тәуекелдер картасы.

**Басқарма Төрағасы**



**Ж. Курманов**

Орынд. Жукенова А.С.  
тел.8 (727) 331 66 99  
ішкі 7736



### Талданған ішкі құжаттар тізбесі

- 1) Басқарманың 2022 жылғы 12 қыркүйектегі №63 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қызметтерін тұтынушыларға қашықтан қызмет көрсету қағидасы;
- 2) Басқарманың 2022 жылғы 31 наурыздағы №21 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ білім базасымен жұмысты ұйымдастыру нұсқаулығы;
- 3) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаменті туралы ереже;
- 4) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Кері байланыс бөлімінің жетекші маманының лауазымдық нұсқаулығы;
- 5) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Кері байланыс бөлімінің бас маманының лауазымдық нұсқаулығы;
- 6) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Кері байланыс бөлімі бастығының лауазымдық нұсқаулығы;
- 7) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Байланыс орталығы басқармасының жетекші маманының лауазымдық нұсқаулығы;
- 8) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Байланыс орталығы басқармасының бас маманының (әдіскерінің) лауазымдық нұсқаулығы;
- 9) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Байланыс орталығы басқармасының бас маманының лауазымдық нұсқаулығы;
- 10) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Байланыс орталығы басқармасы бастығының лауазымдық нұсқаулығы;
- 11) Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаментінің Байланыс орталығы басқармасының маманының лауазымдық нұсқаулығы;
- 12) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қашықтан кеңес беру департаменті директорының орынбасарының лауазымдық нұсқаулығы;
- 13) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздігіне ішкі аудит жүргізу қағидасы;
- 14) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпаратын резервтік көшіру және қалпына келтіру регламенті;
- 15) Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы №1 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да конфиденциалды ақпаратты қорғау қағидасы;
- 16) Басқарманың 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №65 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық жүйелеріндегі пайдаланушылардың іс-әрекеттерін хаттамалаудың талаптары мен өлшемшарттары туралы қағида;
- 17) Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 25 маусымдағы №6 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздік саясаты;



- 18) Басқарманың 2021 жылғы 4 мамырдағы №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпаратын резервтік көшіру және қалпына келтіру регламенті;
- 19) Басқарманың 2021 жылғы 4 мамырдағы №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізу құқықтарын шектеу қағидасы;
- 20) Басқарманың 2021 жылғы 4 мамырдағы №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ның ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану қағидалары;
- 21) Басқарманың 2021 жылғы 4 мамырдағы №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтерді сәйкестендіру, жіктеу мен таңбалау қағидасы;
- 22) Басқарманың 2021 жылғы 4 мамырдағы №29 хаттамасымен бекітілген Пайдаланушылардың ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне назар аударуы бойынша және «БЖЗҚ» АҚ штаттан тыс (дағдарысты) жағдайларда әрекет ету тәртібі туралы нұсқаулық;
- 23) Басқарманың 2020 жылғы 18 қарашадағы №98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпаратты өңдеу құралдарын физикалық қорғауды және ақпараттық ресурстардың қауіпсіз жұмыс істеу ортасын ұйымдастыру қағидасы;
- 24) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 шілдедегі №5 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты иелену және пайдалану қағидасы;
- 25) Басқарманың 2018 жылғы 22 мамырдағы №37 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ желіаралық экрандар мен басып кіруді болдырмау жүйелерін басқару жөніндегі қағидалар;
- 26) Басқарманың 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да желілік қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқаулық;
- 27) Басқарманың 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дағы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO/IEC 27001:2013 стандарт талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізу нұсқаулығы;
- 28) Басқарманың 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпараттық жүйелерді сатып алу, әзірлеу және қолдау кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасы;
- 29) Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 10 ақпандағы №157 «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық қорғанысты ұйымдастыру туралы» бұйрығы;
- 30) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 19 ақпандағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ғимараттарында, үй-жайларында және іргелес аумақтарында өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық;
- 31) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да қызметтік тергеу жүргізу қағидасы;
- 32) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 18 сәуірдегі №30 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы филиалдарының үй-жайларында рұқсатнамалық түзім ұйымдастыру қағидасы;
- 33) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 18 сәуірдегі №30 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Орталық аппаратында рұқсатнамалық түзім ұйымдастыру қағидасы;
- 34) Басқарманың 2015 жылғы 13 қарашадағы №63 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дағы кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық;
- 35) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 19 ақпандағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқама жүргізу жөніндегі нұсқаулық;
- 36) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 шілдедегі №50 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ның COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы жағдайында жұмыс жасау регламенті;
- 37) «БЖЗҚ» АҚ («БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 10 маусымдағы №38 хаттамасы) және «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлері өкілдерінің («БЖЗҚ» АҚ қызметкерлері өкілдерінің

жиналысының 2022 жылғы 2 маусымдағы №1 хаттамасы) бірлескен шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ереже;

38) Басқарманың 2022 жылғы 20 қазандағы №73 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларға тергеп-тексеру жүргізу қағидасы;

39) Басқарманың 2020 жылғы 28 тамыздағы №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі салымшылардың (алушылардың) деректеріне рұқсат беру құқығын анықтау регламенті;

40) Басқарманың 2014 жылғы 20 маусымдағы №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық желісіндегі техникалық осалдықты басқару нұсқаулығы;

41) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы №7 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаменті туралы ереже;

42) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Ішкі және экономикалық қауіпсіздік басқармасының жетекші маманының лауазымдық нұсқаулығы;

43) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Өзіндік қауіпсіздік және техникалық қорғау басқармасының бас маманының лауазымдық нұсқаулығы;

44) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Өзіндік қауіпсіздік және техникалық қорғау басқармасының бас маманының лауазымдық нұсқаулығы;

45) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Өзіндік қауіпсіздік және техникалық қорғау басқармасының жетекші маманының лауазымдық нұсқаулығы;

46) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің директоры орынбасарының лауазымдық нұсқаулығы;

47) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Ақпараттық қауіпсіздік басқармасының бас маманының лауазымдық нұсқаулығы;

48) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Ішкі және экономикалық қауіпсіздік басқармасының жетекші маманының (өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша) лауазымдық нұсқаулығы;

49) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Ішкі және экономикалық қауіпсіздік басқармасының бас маманының лауазымдық нұсқаулығы;

50) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Ақпараттық қауіпсіздік басқармасының жетекші маманының лауазымдық нұсқаулығы;

51) Басқарманың 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Ішкі және экономикалық қауіпсіздік басқармасы бастығының лауазымдық нұсқаулығы;

52) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі №2 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Салықтық есепке алу саясаты;

53) Басқарманың 2018 жылғы 10 шілдедегі №49 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ меншікті қаражат есебінен сатып алынған қаржы активтерін жіктеу бойынша нұсқаулық;

54) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 ақпандағы №4 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ меншікті қаражат есебінен сатып алынған қаржы құралдарын бағалау қағидасы;

55) Басқарманың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №111 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ балансынан, жүйеден тыс есебінен негізгі құралдар нысанын, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті, тауарлық-материалдық құндылықтарды (қорды) және дебиторлық берешекті есептен шығару және шығынға жазу қағидасы;

56) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 27 шілдедегі №57 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ есеп беруші тұлғалармен операцияларды есепке алу нұсқаулығы;

57) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да мүлік пен міндеттемелерге түгендеу жүргізу қағидасы;

58) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 30 шілдедегі №51 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тауар-материалдық құндылықтарымен (қорларымен) операцияларды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық;

59) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 12 маусымдағы №26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да жалақы төлемі және сонымен байланысты төлемдер бойынша операцияларды есепке алу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық;

60) Басқарманың 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №94 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ негізгі құралдармен, материалдық емес активтермен және инвестициялық жылжымайтын мүлікпен операцияларды есепке алу және жүргізу бойынша нұсқаулық;

